

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 4 қазандағы № 476 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қазанда № 3169 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген) сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Жамбыл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулының Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Қыдыралыұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданының әкімі

М. Мұсаев

Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Жамбыл облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 18.11.2016 № 545 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
1.	Қант қызылшасы 1 гектарға	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
2.	Қант қызылшасы 1 тоннаға	15.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
3.	Қорғалған топырақтағы көкөніс (фермерлік үлгідегі жылыжай)	20.09.2016 жыл	20.11.2016 жыл
4.	Қорғалған топырақтағы көкөніс (өнеркәсіптік үлгідегі жылыжай)	20.09.2016 жыл	20.11.2016 жыл
5.	Қант қызылшасына 1 гектарға, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
6.	Қант қызылшасы 1 тоннаға, тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі жаңбырлатып суару жүйелерін қолдану арқылы	15.10.2016 жыл	20.11.2016 жыл
7.	Майлы дақылдар	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
8.	Дәндік жүгері, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін және өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
9.	Дәндік жүгері	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
10.	Көпжылдық шөп (таза егіс)	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
11.	2, 3 жылғы көпжылдық шөп	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
12.	Көп жылдық шөп, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
13.	Сүрлемдік жүгері	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
14.	Картоп	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
15.	Сүрлемдік жүгері, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйелерін, өнеркәсіптік үлгідегі спринклерлік суару жүйелерін қолдану арқылы	20.09.2016 жыл	20.10.2016 жыл
16.	Күздік бидай	28.11.2016 жыл	15.12.2016 жыл
17.	Жаздық арпа	28.11.2016 жыл	15.12.2016 жыл
18.	Ашық топырақтағы көкөніс	28.11.2016 жыл	15.12.2016 жыл
19.			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК